

494.342-1

К-17

ҚАЗАҚ
ТІЛІНІҢ
ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
СӨЗДІГІ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

81
~~494.342-1~~
417


ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ — 1978



494.342
Қ — 17

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.
480 б.

Бұл Сөздік 1963 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» толықтырылып, кейбір кемшіліктерінің түзетіліп қайта басылған түрі.

Сөздікке негізінен қазіргі әдеби тілге тән сөздер мен терминдер енгізілді.

Сауатты жазудың негізгі құралы ретінде ұсынылып отырған бұл Сөздік мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, жоғары оқу орындары студенттеріне, ғылыми-көпшілікке, баспасөз қызметкерлеріне, жазу мәдениетін жетілдіруге ден қойған жалпы оқушы қауымға арналған.

Екінші басылуының редакция алқасы:

М. Балақаев (жауапты редактор), *І. Кеңесбаев*,
Ғ. Мұсабаев, *А. Ысқақов*, *Р. Сыздықова*

Сөздікті құрастырушылар:

А. Әбдірахманов, *Г. Жәркешева*, *І. Кеңесбаев*, *Б. Қалиев*,
А. Қалыбаева, *Т. Қордабаев*, *Ғ. Мұсабаев*, *Ә. Мұсалдаев*,
Қ. Неталиева

О $\frac{70105-126}{407(07)-78}$ 148-78

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.

74929
ГОС. БИБЛ. ОТЕЛА
КазССР им. С. Пушкина
Инв. 050204

«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІНІҢ» ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Өресі биік озық елдің жазу мәдениеті де биік, жоғары болуға тиісті. Оны жоғары көтеріп, халықтың сауаттылық дәрежесін арттыра түсуге 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшуіміздің мәні ерекше болды. Ол жазуды жетілдіре түсу мақсатымен 1957 жылы әріптердің алфавит тәртібіне, емле ережелеріне елеулі өзгерістер енгізілген болса, сол негізде 1963 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (редакциясын басқарғандар: І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев) ана тіліміздің жазу мәдениетін жақсартатын түсуге үлкен септігін тигізді.

Содан бері біраз уақыт өтті. Осы мерзім ішінде емле ережелерінің негізі сыннан өтіп, көптеген сөздердің жазылуы тұрақты қалыпқа түсті. 1963 жылғы «Орфографиялық сөздік» қазақ тілін пайдаланушы жұртшылықтың керегіне жараған негізгі құралы болуымен қатар, онда бірқатар қате-кемшіліктердің де бары байқалды. Сондықтан Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты бұл сөздікті толықтырып, байқалған кемшіліктерін түзеп, екінші рет қайта шығаруды ұйғарып отыр.

Сөздіктің екінші басылуын және оны баспаға дайындау ісін Институттың тіл мәдениеті бөлімі сөздікті құрастырушылар, редакторлар алқасымен бірлесе отырып жүргізді. Оған бірер өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Олардың негізгілері мыналар:

1. 1963 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» бұрынғы құрылысы өзгерілмей, оның

сөздік құрамы едәуір толықтырылды. Жаңадан қосылған материалдар басқа сөздіктерден, баспасөзден, қазақ тілі түсіндірме сөздігінің қорынан, т. б. алынды.

2. Сөздіктің бұл басылуына кісі аттары мен географиялық атаулардың тізімі берілген жоқ, ол толықтырылып өз алдына бөлек шығарылмақ. Жалқы есімдердің орфографиялық ерекшеліктері сонда ескерілмек.

3. Нормаға айналған емле ережелері, жеке сөздердің жазылу үлгілері бұрынғысынша сақталды да, сөздіктің сол басылуында кеткен кейбір қайшылықтар мен қателер жөнделді және баспасөз тәжірибесінде алақұла жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіру мақсатымен сөздікке мынандай өзгерістер енгізілді:

а) Мүмкін болғанынша вариант сөздердің әдеби нормаға бейімдерін таңдап алу ескерілді. Сол үшін варианттардың негізгі, әдеби дегендерінің қатарына әдеби еместері көрсетіліп отырды, мысалы, *зәрлі* (зә-һәрлі емес). Сонымен қатар әдеби тілде жарыса қолданылып жүрген бірқатар сөздердің жанына ж. (және) деген белгі қойып, екіншісін де әдеби норма есебінде қолдануға болады дегендері көрсетілді. Мысалы, *мұндай ж. бұндай, мұнда ж. бұнда, айқай ж. айғай, едәуір ж. недәуір, залал ж. зарар, ештеңе ж. ештеме, ырза ж. разы, риза.*

ә) Сөздіктің бірінші басылуында тілде қалыптасқан қазақша баламасы бар біраз терминдер енген екен. Ондай терминдердің тиісті жерлерінде қазақша баламасы берілді: мысалы, *забастовка — ереуіл, штукатурка — сылақ, бронза — қола, пляж — жағажай, тормоз — тежеуіш. Ал, аптека, арматур, моды сияқты сөздер аптека, арматура, мода түрінде түзетіліп берілді.*

б) Бірқатар сөздер мен сөз тіркестері емле қағидаларына сәйкестендіріліп, реестрден ұяға, ұядан реестрге ауыстырылды: мысалы, *күнкөріс, ақсүйек (ойын), беташар, біртұтас, нақсүйер, көкжөтел (ауру), өзара, өнертапқыш, итаяқ, есекмия (өс.), таусағыз (өс.), қараторғай (құс, ән) сөздері ұядан реестрге шығарылды.*

в) Бірлі-жарым сөздердің жазылу үлгісі түзетілді: мысалы, 1963 ж. сөздікте *ұждан* сөзі *уждан* болып жазылған. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» кар-

тотека қорындағы (онда ұждан — 75, ождан — 70, әждан — 18 рет қолданылған да, ал ұждан, үждан сөздеріне бір де тілдік факт жоқ) тілдік фактіні негізге ала отырып, осы сөздікте *ұждан* деп жазу ұсынылды.

г) Сөздіктің бірінші басылуында біріккен сөздер емлесінің жақсы үлгілері берілген. Бірақ кейде бірізділік сақталмай, біртектес сөздердің кейбірі бірге, кейбірі бөлек жазылғаны байқалды. Солар бір арнаға түсірілді. Бұл арада емле ережелеріндегі мына талап ескерілді: «Екі сөзден құралған тіркестер осы тіркес күйіндегі білдіретін мағынасына ұқсамайтын басқа бір заттың, ұғымның атауышы болып келетін болса, бір сөз ретінде біріктіріліп жазылады». Сонымен қатар *халықаралық, жаратылыстану, баспасөз, бесжылдық* деген сияқты бұрыннан бірге жазылып жүрген сөздердің үлгісімен осы типтес сөздер біріктіріліп жазылды: *ауданаралық, әдебиеттану, қоғамтану, абайтану, топырақтану, жетіжылдық, онжылдық* (жоспар), *онкүндік* (декада), *келіссөз, қарасөз, жарыссөз*, т. б.

д) Орыс тілінен енген қарапайым сөздер мен халықаралық терминдерге қазақ тілі қосымшаларының жалғану ерекшеліктері мүмкіндігінше толық көрсетілді.

Орфографияның кейбір ережелерін қайта қарап, оларды әлі де болса жақсарта түсу туралы баспасөзде айтылып жүрген сын-пікірлер ресми түрде шешіліп қабылданбағандықтан, олардың мәселелері сөздіктің бұл басылуында еленген жоқ.

Сөздіктің екінші басылуының қолжазбасын толықтыру, кейбір редакциялық өңдеу, баспаға даярлау жұмыстарына Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері — филология ғылымының кандидаттары *Қ. Негалиева, Ө. Айтбаев* және *З. Бейсенбаева, Н. Уәлиев, А. Алдашева, Ж. Манкеева* қатынасты.

СӨЗДІКТІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ *

Орфографиялық сөздіктің мектеп оқушыларына арналып жасалған шағын түрлері ғана болмаса, лексикамыздың әр саласын жан-жақты қамтитын, қалың жұртшылыққа арналған көлемді түрі күні бүгінге дейін жасалған емес. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының бір топ ғылыми қызметкерлері осы олқылықтың есесін өтеу мақсатымен біраз уақыттан бері ана тіліміздің кең көлемді орфографиялық сөздігін жасаумен шұғылданып келген-ді. Қолыңыздағы сөздік осы бір жұмыстың нәтижесі есепті.

Орфографиялық сөздікке қойылатын белгілі талапқа лайық бұл сөздік те тіліміздің лексикасындағы сөздердің жазылу үлгісін алфавит тәртібімен көрсетуге арналған.

Сөздікті жасауда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы 1957 жылы 5 июньде бекіткен қазақ орфографиясының негізгі ережелері басшылыққа алынды. Бұл ережеде жазудың негізгі екі түрлі принципі қолданылған болатын: оның бірі — морфологиялық принцип те, бірі — фонетикалық принцип.

Морфологиялық принцип бойынша сөздердің ауызекі айтылуында көршілес дыбыстардың әсері нәтижесінде пайда болатын дыбыстық құбылыстар ескерілмей, бастапқы түбір күйіндегі дыбыстық құрамы сақталып жазылады. Мысалы, *түнде*, *түнгі*, *түн бойы* дегенде, *түн* сөзінің соңындағы *н* әрпі үш жағдайда үш

* Бірінші басылуының (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963) кіріспесі.

түрлі дыбысталады: бірінші жағдайда *н*, екінші жағдайда *ң*, үшінші жағдайда *м*. Бірақ осындағы сөздің бастапқы дыбыстық құрамына жататыны — *н* да, қалған екеуі (*ң* мен *м*) — сөздің түбірінің соңғы дыбысына кейінгі дыбыстардың ықпалы нәтижесінде пайда болған варианттар. Морфологиялық принцип бойынша сөзді ауызекі айтқан кезде естілетін бұл тәріздес дыбыстық варианттар жазуда есепке алынбайды. |

Морфологиялық принцип бір түбірлі сөздердің жазылуында ғана емес, сонымен бірге екі, я одан да көп түбірден тұратын біріккен сөздердің жазылуында да сақталады. Мысалы, айтуын *Ботагөз, Қарагөз, Амангелді, Нұрғанат* деп айтқанымызбен, жазуын *Ботакөз, Қаракөз, Аманкелді, Нұрқанат* деп әуелгі түбірін сақтап жазамыз. Алайда біріккен сөздер ішінде бастапқы дыбыстық құрамы өзгеріп, жазу тәжірибемізде естілуінше жазылып қалыптасқан *белбеу, түрегел, әкел, ашудас, әнеугүні, алдыңгүні, бүгін, бүрсігүні, қыстыгүні, алаңғасар* тәріздес сөздер де жоқ емес. Мұндай сөздердің орфографиясының жазу тәжірибесінде әбден орнығып кеткендігі ескеріліп, сөздікте олар дәстүрлік принцип бойынша осы күйінде берілді. Дәстүрлік принципте көзделетін мақсат — сөздің жазылуындағы ертеден келе жатқан, халықтың ұғымына сіңген дәстүрді бұзбау. Солай болғандықтан, сөз мейлі қолтума сөз болсын, мейлі өзге тілден ауысқан кірме сөз болсын, дәстүрлік принципті сақтаған жағдайда бұрын қалай жазылып келсе, солай жазылатын болады. Мысалы, ана тілімізге араб-иран жұртының тілінен енген *ақыл, мысал, саясат, тәлім*, орыс тілінен енген *кәмпит, кәрзеңке, кереует, жәшік, сот, болыс, бишік* секілді сөздердің жазылуы жөнінде осыны айту керек. Сондықтан авторлар сөздікте бұл принципті тек жоғарыда аталып өткен біріккен сөздердің жазылуында ғана емес, сонымен бірге кейінгі келтірілгендер тәрізді енген сөздердің жазылуында да сақтауға тырысты.

✓ Ал енді фонетикалық принципке келетін болсақ, оның тілімізде негізінен қосымшалардың жазылуында қолданылатын принцип екенін білеміз. Бұл принцип бойынша сөзге жалғанатын қосымшалар түбір сөздің

соңғы дыбысының қатаң-ұяндығына, соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп, қалай айтылса солай жазылып отырады. Мысалы: *кітап-тың, қағаз-дың, мектеп-тің, жер-дің*, т. б.

Сөздік оқушылар жұртшылығының қалың қауымына арналғандықтан, оның ішіне қазақ тілі лексикасының алуан түрлі саласына жататын сөздер енгізілді. Сөздіктен күнделікті жазуымызда жаппай қолданылатын сөздерді де, сондай-ақ өмірдің белгілі тарауларында қолданылатын кәсіби сөздерді де, ғылыми терминдерді де, тілімізде қазірде сирек айтыла бастаған көнерген сөздерді де кездестіруге болады. Солай бола тұра, әдеби тіліміз бен ауызекі тілімізде ұшырасатын сөздердің бірде-бірін қалдырмай, түгел қамтуды мақсат етпедік.

Қос

Сөздіктің алға қоятын мақсат-мүддесі — сөздердің лексикалық мағынасын айқындау емес, оларды қалай жазса дұрыс болатындығын көрсету. Дегенмен кейбір сөздерден кейін жақша ішінде ол сөздің ғылым мен техниканың қай саласында қолданылатындығы көрсетіліп отырды. Ондай сөздердің бірсыпырасы — морфологиялық құрамы жағынан анықтауыш пен анықталушы сөзден тұратын тіркестермен бірдей болып келетін *ақбас, Ақбозат, кәріқыз* сияқты екі сөзден біріккен атауыш, термин сөздер. Бұларға түсіндірме берілген себебі — оларды *ақ бас, ақ боз ат, кәрі қыз* деген тәрізді әр сөзі бөлек-бөлек жазылатын синтаксистік тіркестерден ажырату.

Сөздікте бірыңғай есім сөзге жататын омонимдердің реестрге бір сыңары ғана алынып, қалғандары соған жалғас, арасы үтірмен бөлініп қана беріліп отырды. Мысалы: *түс* (түс көру), *түс* (заттың түсі); *білем* (бір білем құйрық), *білем* (айтты білем). Өзара омоним болатын сөздердің бір сыңары етістік болған жағдайда ғана ол сөз дербес реестрмен берілді. Мысалы: *тату* (тату жолдас), *тату* (дәмін тату), *тату* (татыған қымыз), т. б.

Сөздікке ән-күй, би аттары көбінесе енгізілген жоқ. Оның себебі, біріншіден, мұндай атаулардың жалқы есім қатарына жататындығы болса, екіншіден, ән-күй,

би аттарының көпшілігінің бірнеше сөзден құралған тіркес немесе сөйлем түрінде келетіндігі: «Жас қазақ марсельезасы», «Айттым сәлем, қалам қас», «Ақсақ құлан», «Көбік шашқан», «Боз інген», «Көзімнің қарасы-ай», «Кіші айдай», «Мың-мың қолдар», «Тракторшы қарындас», «Шофер келді қырманға». Дегенмен ән-күй, би аттарын жазуда мына ережелерді басшылыққа алу ұсынылады.

1. Ән-күй, би аттары бас әріптен басталып, тырнақшаға алынып жазылады. Мысалы: «Алтай», «Елім-ай», «Дудар-ай», «Ләйлім», «Угәй-ай», «Жеңеше-ай», «Бипыл», «Шашу», «Айдай», «Сылқылдақ», «Бұл-бұл», «Гәкку», «Әугигөй», «Қазақстан», «Домбыра», т. б.

2. Адам, жер-су, ру, ел аттарымен аталатын екі түбірден біріккен ән-күй, би аттары біріктіріліп жазылады. Мысалы: «Аққұм», «Сырымбет», «Жетісу», «Жанбота», «Көкшетау», «Қаракесек», «Молдабай», «Бүркітбай», «Ақбөпе», «Жылыой», «Тілеуқабақ», «Айнамкөз», «Ақсаусақ», т. б.

Ескерту. Аттың, құстың, басқа да жануарлардың меншікті атымен аталатын, жазу тәжірибесінде қалыптасып кеткен «Құлакер», «Ақбақай», «Көкжендет» тәрізді бірді-екілі ән аттары да біріктіріліп жазылады.

3. Бірнеше сөзден құралған ән-күй, би атауларының бірінші сөзі ғана бас әріптен басталып, әр сөзі бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: «Ақ бидай», «Қызыл бидай», «Тербеледі тың дала», «Ақ қайың», «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Маржан қыз», «Қара көз», «Жамбас сипар», «Сұрша қыз», «Жиырма бес», «Әудем жер», «Маң-маң кер», «Жай қоңыр», «Көк шолақ», «Екі жирен», «Бір бала», «Топай көк», «Қанат талды», «Жан ерке», «Наз қоңыр», «Ақ дариға», «Бал құрай», «Абай көк», «Ақ еркеш», «Ақ құрай», «Партия — Отандаңқы», «Жарқырайды Теміртаудың оттары», т. б.

Сөздікке қысқарған сөздер енгізілген жоқ. Өйткені олар жеке сөз болып есептелмейді, әрі қысқарған сөздердің қалай жазылатыны орфографиялық ережеде толық көрсетілген.

Сөздікте біріккен сөздер мен соған ұқсас келетін сөз тіркестері мол қамтылды. Біріккен сөздердің жазылуы жөнінде бұрынғы орфографиялық ережеде көрсетілген принципті саралау мақсатымен сөздікте басшылыққа алынған мына бір жайларды ескерте кеткен жөн.

Екі не үш сөзден құралған тіркес осы тіркес күйіндегі білдіретін мағынасына ұқсамайтын басқа бір заттың, ұғымның атауышы болып келетін болса, бір сөз ретінде біріктіріліп жазылды. Мысалы: *айнакөз* (балық), *Ақбозат* (жұлдыз), *бақабас* (өсімдік), *балауыз* (шам), *егеуқұйрық* (тышқан), *есекжем* (ауру), *итмұрын* (өсімдік), *итарқа* (қос), *қылжақбас* (қалжыңшыл), *кемпірауыз* (тістеуік), *итқонақ* (өсімдік), т. б.

Егер бір ғана заттың атын білдіретін тіркестің соңғы сөзі өзара біріне-бірі ұқсас, тектес заттардың ортақ аты болып келіп, алдыңғы сөзі осы заттардың ішінен оның нақтылы бір түрін айыра көрсету үшін қолданылған болса, ондай лексикаланған тіркестердің әр сыңары бөлек-бөлек жазылады. Мұндай тіркестердің соңғы сыңары, әлбетте, қайталанып отырады. Мысалы: *алғы сөз, соңғы сөз, өлең сөз, жарыс сөз; көз ақы, қалам ақы, еңбек ақы, қол ақы; қазан қап, аяқ қап, тізе қап; жел бау, уық бау; ит арба, ит шана; ақ бидай, қара бидай, қызыл бидай; ақ боран, жаяу боран; шөже торғай, суық торғай, жағал торғай; ақ жусан, қой жусан; он басы, елу басы, жүз басы, мың басы; ақ ниет, қара ниет, адал ниет; ақ қоян, ор қоян; ақ өлең, қара өлең; ала қарға, қара қарға; қайын аға, қайын ата, қайын ене, қайын сіңлі; бел омыртқа, ауыз омыртқа, мойын омыртқа, арқа омыртқа; асық жілік, кәрі жілік, тоқпан жілік, т. б.* Сөздікте жазылуы әбден қалыптасып кеткен мынадай сөздердің орфографиясы бұрынғы қалыптасқан күйінше өзгеріссіз жазылады. Мысалы: *тасбақа, көлбақа, құрбақа, шөлбақа; бесжылдық, жетіжылдық.*

Тіліміздің сөздік құрамында әр түрлі фонетикалық вариантта айтылатын біраз сөздер бар. Олардың бірқатарының жазылуы бұл күнде едәуір қалыптасқанымен, бірсыпырасының жазылуы әзір бір ізге түсіп үл-

тірген жоқ. Сөздікте мұндай сөздердің ішінде жазылуы қазір біршама орнықты дегендерін шамадан келгенше сол орныққан қалпында беру көзделді. Бұл топқа мынадай сөздер жатады: *әжім — ажым, ажсуа — әжуа, барым әзір — бармазыр, бәйшешек — байшешек, әрдайым — әрдәйім, әмбе — әмме, беймаза — бимаза, жайт — жәйт, бұрнағы күні — мұрнағы күні, бүлдіргі — бүлдірге, өмір — ғұмыр, құмыр, доғару — тоғару, доп — топ, жадыгөй — жәдігөй, жүгермек — жүгірмек, көнбіс — көнпіс, қаракет — харекет, балуан — палуан, пенде — бенде, пітір — бітір, бірадар — пірадар, т. б.* Сөздікте бұлардың алдыңғы сыңарлары ұсынылды.

Ал енді жазылуы әзір бір ізге түсіп орныға қоймаған *айқай — айғай, тәж — тәжі, жалпақ — жайпақ, зәбір — жәбір, уағда — уәде, азар — әзер, айуан — хайуан, жаһан — жиһан, қоңырсу — көңірсу, хәкім — әкім, қолбырау — көлбіреу, риза — ырза — разы, кулейді — гулейді, ғаріп — кәріп, қапыда — қапияда, кәртеміш — қартамыш — қартамыс* тәрізді көптеген сөздердің бірін қалдырып, екіншісін қолдануға тыйым салу дұрыстыққа жатпайтын болғандықтан, мұндай сөздердің екі түрін де сөздікке енгізуді мақұл көрдік. Демек, жазуда бұл сөздердің екі вариантын да бірдей қолдана беруге болады.

Кей сөздерге қосымшалардың қалай және қандай вариантта жалғанатындығын көрсету мақсатымен олардың қасына оған жалғанатын қосымшаның түрлері, не сол сөздің қосымшалы түрінің өзі бірге беріліп отырды. Атап айтқанда:

а) Қосымшалардың жуан түрі мен жіңішке түрінің қайсысы жалғанатындығы дұдамал болып келетін сөздердің түбірі қосымша қосылған кезде ешқандай өзгеріске түспейтін болса, мұндай сөздердің қасына тек оған жалғанатын қосымшаның түрі ғана көрсетілді. Мысалы: *абсолют, -ке, -тен, -ті; батарея, -ға, -дан, -сы, т. б.* Бұларды *абсолютке, абсолюттен, абсолютті; батареяға, батареядан, батареясы* деп түсіну керек.

ә) Соңғы дыбысы ұяң дауыссыз *д, з, б, в* болып келетін сөздердің қосымшалы түрлері толық берілді:

авангард, авангардқа, авангардтан, авангарды; автоплог, автоплогқа, автоплогтан, автоплогтар, автоплогы; герб, гербке, гербтен, гербі; автоклав, автоклавқа, автоклавтан, автоклавы, т. б. Бұлай берудегі мақсат — жоғарыда аталған төрт дыбыстың ұяңдығына қарамастан, бұл сөздерге қосылатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетінін байқату.

б) Соңғы дыбысы *н* болып келетін есімдерден кейін олардың барыс жалғаулы түрі, ал етістіктерден кейін оның өткен шақтық есімше және болымсыз түрі беріліп отырды: *алақан, алақанға; егін, егінге; азаптану, азаптанған, азаптанбау; байлану, байланған, байланбау, т. б.* Ондағы мақсат — қосымшаның бірінші дыбысының әсерінен түбір соңындағы *н* дыбысы *ң, м* болып айтылғанымен, сөздің түбіріндегі *н* дыбысының сақталып жазылатындығын көрсету.

в) Жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерден кейін олардың жалғаулы түрі беріліп отырды: *лагерь, лагерьге, лагерьден, лагері; ноябрь, ноябрьге, ноябрьден, ноябрі, т. б.* Ондағы мақсат — жіңішкелік белгісінің қандай жағдайда жазылып, қандай жағдайда жазылмайтынын білдіру.

г) Соңғы дыбысы *з, ш* болып келетін сөздерден (етістіктерден) кейін олардың *-са, -се, -шы, -ші* қосымшалы түрлері беріліп отырды: *жазу, жазшы, жазса; қазу, қазшы, қазса; ашу, ашшы, ашса; қашу, қашшы, қашса, т. б.* Бұлай етудегі мақсат — түбір соңындағы дыбыспен қосымшаның бірінші дыбысының айтуда өзгеріп айтылғанымен, жазуда өзгермейтіндігін байқату.

ғ) Қысаң дауысты *ы, і* дыбыстарының біріне аяқталатын *қабы, ірі, шірі, оқы* сияқты етістіктердің реестрде тұйық түрі берілумен бірге, олардан кейін *қабу, қабы, қабиды; іру, ірі, іриді; шіру, шірі, шіриді; оқу, оқы, оқиды* деген түрлері беріліп отырды. Ондағы мақсат — түбір соңындағы *ы, і* дыбыстарының жазуда қандай жағдайда сақталып, қандай жағдайда сақталмайтынын аңғарту.

д) Қатаң *қ, к, п* дыбыстарының біріне аяқталатын етістіктердің реестрде берілген тұйық түрінен кейін олардың бұйрық рай, ашық рай, есімше, көсемше түрле-

рі қоса берілді: *қабу, қап, қабады, қапқан, қауып; тағу, тақ, тағады, таққан, тағып; төгу, төк, төгеді, төккен, төгіп*, т. б. Бұлай берудегі мақсат — түбір соңындағы *қ, к, п* дыбыстарының жазудағы өзгерісін көрсету.

е) Орыс тілінен енген сөздердің қос дауыссыз дыбысқа аяқталған түрінен кейін олардың қосымшалы түрі беріліп отырды: *август, августқа, августан, августы; турист, туриске, туристен, туристер, турисі; съезд, съезге, съезден, съезі; абстракт, абстрактіге, абстрактіден, абстрактісі; лифт, лифтіге, лифтіден, лифтісі; ландшафт, ландшафтыға, ландшафтыдан, ландшафтысы; митинг, митингіге, митингіден, митингісі; бридж, бриджіге, бриджіден, бриджісі; манускрипт, манускриптіге, манускриптіден, манускриптісі; раунд, раундыға, раундыдан, раундысы; терапевт, терапевтіге, терапевтіден, терапевтісі*, т. б. Мұндағы мақсат — біріншіден, түбір соңындағы дыбыстың қандай жағдайда түсіп қалатындығын байқату болса, екіншіден, түбірге қосымшаның қалай қосылатындығын білдіру.

ж) Соңғы дыбысы *й* болып келетін етістіктің реестрде берілген тұйық түрінен кейін оның бұйрық түрі мен ашық рай түрінің 1—3 жағы қоса беріліп отырды: *сарғаяу, сарғай, сарғаяды, сарғайып; ою, ой, ояды, ояйып*, т. б. Бұлай берудегі мақсат — сөз түбіріндегі дыбыстық құбылыстарды көрсету.

Сөздікті жасауда авторлар Тіл білімі институты бұған дейін шығарған түрлі сөздіктерді (түсіндірме, емле және терминология сөздіктері) кеңінен пайдаланды. Бірақ кейбір сөздердің жазылуында бұрынғы сөздіктер мен қолыңызда отырған сөздік арасында біраз айырма барын да айту керек. Орфография мәселелеріне байланысты кейінгі кезде баспасөз бетінде айтылған пікірлерге сәйкес кей сөздердің жазылуына бірлі-жарым жөндеулер енгізуге тура келді. Сөздіктер араларында ондай ала-құлалықтар кездескен жағдайда қолыңызда отырған орфографиялық сөздікті ғана басшылыққа алған жөн...

Сөздіктің аяғына қазақ орфографиясының өкімет қабылдаған қысқаша ережелер жинағы енгізілді.

Сөздіктің кейбір әріптерін жасауға және оның басына әзірленуіне, шығуына институттың кіші ғылыми қызметкері *Ш. Бектұров* қатынасты, сөздіктің қолжазбасын қарасуға *Е. Бектұрғанов* көмектесті, сөздіктің кейбір редакциялық өңдеу жұмысына филология ғылымының кандидаты *С. Омарбеков* қатынасты.

Жазылуы екі ұшты сөздердің орфографиясын бір ізге келтіруде пікірлерін айтып, қолғабыс тигізген баспасөз орындарының қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының қазақ тілі пәнінің оқытушыларына, ғалымдарына Институт дирекциясы шын көңілден алғыс айтады.

Қазақ тілінің алфавиті

Рет саны	Баспа түрі		Әріптердің аты
	бас әріп	кіші әріп	
1	А	а	а
2	Ә	ә	ә
3	В	б	бе
4	В	в	ве
5	Г	г	ге
6	Ғ	ғ	ға
7	Д	д	де
8	Е	е	е
9	Ё	ё	йо
10	Ж	ж	же
11	З	з	зе
12	И	и	и
13	Й	й	қысқа и
14	К	к	ка
15	Қ	қ	қа
16	Л	л	әл
17	М	м	эм
18	Н	н	ән
19	Ң	ң	әң
20	О	о	о
21	Ө	ө	ө
22	П	п	пе
23	Р	р	эр
24	С	с	эс
25	Т	т	те
26	У	у	у
27	Ұ	ұ	ұ
28	Ү	ү	ү
29	Ф	ф	эф
30	Х	х	ха
31	Һ	һ	һа
32	Ц	ц	це
33	Ч	ч	че
34	Ш	ш	ша
35	Щ	щ	ща
36	Ъ	ъ	айыру белгісі
37	Ы	ы	ы
38	І	і	і
39	Ь	ь	жіңіш-келік белгісі
40	Э	э	э
41	Ю	ю	ю
42	Я	я	я

аба, аба қылу
 абадан, абаданға, абадан жі-
 гіттер
 абажадай
 абажур, -ға, -лар, -ы
 абай, абай болу
 абайлаңқырау
 абайлаттыру
 абайлату
 абайлау
 абайсыз
 абайсызда
 абайсыздық, абайсыздығы
 абайтану
 абақты
 абалақ-сабалақ, абалақ-саба-
 лағы
 абалату
 абалау
 абат
 абаттық, абаттығы
 абатшылық, абатшылығы
 аббат
 аббаттық, аббаттығы
 аббревиатура
 абдырағыш
 абдыраңқырау
 абдырату
 абдырау
 абдырауық
 аберрация
 абжауқын, абжауқынға
 абжылан, абжыланға
 абзал, абзал адам
 абзалы, ең абзалы
 абзац, -қа, -тан, -ы

абиссин, абиссинге
 абитуриент, -ке, -тер, -і
 абиыр, абиыры айрандай төгі-
 лу (*әбүйір, абұйыр, әбиір*
емес)
 аблаут, -қа, -тан, -ы
 аблепсия
 абонемент, -ке, -тен, -тер, -і
 абонементтік, абонементтігі
 абонент
 абоненттік, абоненттігі, або-
 ненттік борыш
 аборт, -қа, -тан, -ы
 абразия
 абрикос
 абсолют, абсолют ағаттық
 абсолютизм
 абсолюттік, абсолюттігі, абсо-
 люттік борыш, абсолют-
 тік монархия
 абссрбция
 абстракт, абстрактіге, абстрак-
 тіден, абстрактісі, абст-
 ракті теңбе-теңдік
 абстрактілік, абстрактілігі
 абстракция
 абстракциялану, абстракция-
 ланбау, абстракцияланған
 абстракциялау
 абсурд, абсурдқа, абсурдтан,
 абсурды
 абхаз
 абхаздық, абхаздығы
 абыз, абызы
 абылхаят
 абылыққы

- абылық-сабылық
 абыну, абынбау, абынған
 абынып-қабыну, абынып-қа-
 бынбау, абынып-қабынған
 абыр-жабыр
 абыржу, абыржы, абыржыды,
 абыржиды
 абыржулы
 абыржушылық
 абыр-жұбыр
 абыржыту
 абырой
 абыройландыру
 абыройлы
 абыройсыз
 абыройсыздану, абыройсыз-
 данбау, абыройсызданған
 абыройсыздық, абыройсыз-
 дығы
 абыр-сабыр
 абысын, абысынға, абысынмен
 абысын-ажын, абысын-ажын-
 ға, абысын-ажынмен
 авангард, авангардқа, аван-
 гардтан, авангардтар,
 авангарды
 авангардтық, авангардтығы
 аванзал
 аванложа
 аванпорт, -қа, -тан, -ы
 аванпост, аванпосқа, аванпосы
 аванс, -қа, -тан, -ы
 авансахна
 авантюра
 авантюралық, авантюралығы
 авантюризм
 авантюрист, авантюристе,
 авантюристен, авантюрис-
 тер, авантюрисі
 авантюристік, авантюристігі
 авария
 авгит, -ке, -тен, -і
 август, августқа, августан, ав-
 гусы
 авертин, авертинге
 авиабаза
 авиабайланыс
 авиабензин
 авиабилет
 авиабомба
 авиабригада
 авиадесант, -қа, -тан, -ы
 авиадивизион, авиадивизион-
 ға
 авиажол
 авиазавод, авиазаводқа, авиа-
 заводтан, авиазаводтар,
 авиазаводы
 авиаклуб, авиаклубқа, авиа-
 клубтар, авиаклубы
 авиаконструктор
 авиакрейсер
 авиақоректендіру
 авиақұрылыс
 авиамарш
 авиамаяк, авиамаякқа, авиа-
 маяктан, авиамаяктар,
 авиамаяғы
 авиамектеп, авиамектебі
 авиамоделіст, авиамоделіске,
 авиамоделісі
 авиамодель, авиамодельге,
 авиамодельден, авиамо-
 делі
 авиамотор
 авианосец, -ке, -тен, -і
 авиаотряд, авиаотрядқа, авиа-
 отрядтан, авиаотряды
 авиашарк, -ке, -тен, -і
 авиапольш, -ке, -тен, -і
 авиачшта
 авиачпулемет, -ке, -тен, -і
 авиачспортшы
 авиачсьемка
 авиачтехник, авиачтехникі, авиач-
 техникке, авиачтехниктен
 авиачтехникум, -ға, -нан, -ы
 авиачтозандандыру
 авиачтор
 авиачтрасса
 авиачция
 авиачэкспресс, авиачэкспреске,
 авиачэкспрестен, авиачэкс-
 пресі
 авиачэскадрилья
 аврал
 автоанализ, -ге, -ден, -і
 автоара
 автобаза
 автобус, -қа, -тан, -тар, -ы
 автовагон, автовагонға, авто-
 вагоннан, автовагоны

- автовакцина
 автовакцинация
 автовокзал
 автогараж
 автоген, автогенге
 автогендік, автогендігі
 автограф
 автодром
 автодүкен
 автозавод, автозаводқа, авто-
 заводтан, автозаводы
 автоинспектор
 автоинспекция
 автокамера
 автокатализ, -ге, -ден, -і
 автоклав, автоклавқа, авто-
 клавтан, автоклавы
 автоклуб, автоклубқа авто-
 клубтан, автоклубы
 автоколонна
 автокран, автокранға
 автократия
 автоқалам
 автоқұрылыс
 автол
 автолиз, -ге, -ден, -і
 автолизин, автолизинге
 автомат
 автоматизм
 автоматика
 автоматтандыру
 автоматтандырылу
 автомат-телефон, автомат-те-
 телефонға
 автоматты
 автоматшы
 автомашина
 автомеханик, автомеханигі
 автомобиль, автомобильге, ав-
 томобильден, автомоби-
 лі
 автомобилизм
 автомонтер, -ге, -ден, -і
 автоморфизм
 автонауа
 автонауалау
 автонауалы
 автономия
 автономиялы
 автоотряд, автоотрядқа, авто-
 отрядтан, автоотряды
 автопарк, автопаркке, авто-
 парктен, автопаркі
 автопилот
 автопоезд, автопоезға, авто-
 поездан, автопоезы
 автопортрет
 автопісіргіш
 автор
 авторемонт, -қа, -тан, -ы
 автореферат
 авторлық, авторлығы
 автосауғыш
 автослесарь, автослесарьға,
 автослесарьдан, автосле-
 сары
 автосоқа
 автострада
 автостанция
 автосуарғыш
 автосуат
 автотермос
 автотежеуіш
 автотранспорт, -қа, -тан, -ы
 автотрансформатор
 автотіркес
 автофургон
 автохром
 автохтон, автохтонға
 автоцистерна
 автощетка
 автоэлектрик, автоэлектригі,
 автоэлектрикке, авто-
 электриктен
 агглютинативті
 агглютинативтік, агглютина-
 тивтігі
 агглютинация
 агент, -ке, -тен, -і
 агенттік, агенттігі
 агентура
 агломерат
 агломерация
 агма
 агнозия
 агностицизм
 аграрлы
 аграрлық, аграрлығы
 агрегат
 агрегаттық, агрегаттығы
 агрессия
 агрессиялық, агрессиялығы

агрессияшыл
 агрессияшылдық, агрессия-
 шылдығы
 агрессор
 агробаза
 агробақылау
 агробиология
 агроғылым
 агроереже
 агрожәрдем
 агрокабинет
 агромаксимум, -ға, -нан, -ы
 агрометр
 агроминимум, -ға, -нан, -ы
 агроном
 агрономия
 агрономиялық, агрономия-
 лығы
 агроңсқау
 агроңсқаулық, агроңсқау-
 лығы
 агрооқу
 агропункт, агропунктке, агро-
 пункттен, агропункті
 агротәсіл
 агротехника
 агротехникалық, агротехника-
 лығы
 агрофон, агрофонға
 агрохимик, агрохимигі
 агрохимия
 агрошара
 агрошаралау
 аға, аға ғылыми қызметкер,
 аға инженер, аға лейте-
 нант, аға редактор, аға
 сұлтан, аға шебер, аға
 шопан
 ағажан
 ағай
 ағайын, ағайыны, ағайынға
 ағайынгершілік, ағайынгер-
 шілігі
 ағайындас
 ағайынды
 ағайындық, ағайындығы
 ағайынды-қарындас
 ағайынсыз
 ағайынсыздық, ағайынсыз-
 дығы
 ағайын-туған, ағайын-туғанға

ағайыншыл
 ағайыншылау
 ағайыншылдық, ағайыншыл-
 дығы
 ағайыншылық, ағайыншы-
 лығы
 ағалау
 ағал-жағал
 ағалық, ағалығы
 ағалы-қарындас
 ағалы-інілі
 ағараңдау
 ағартқызу, ағартқызса, ағарт-
 қызшы
 ағарттыру
 ағарту, ағарт, ағартты
 ағартушы
 ағартушылық, ағартушылығы
 ағартылу
 ағартыңқырау
 ағартысу, ағартысса, ағартыс-
 шы
 ағару
 ағарыңқы
 ағат, ағат кету, ағат сөз, ағат
 іс
 ағатай, ағатайым
 ағатайлау
 ағаттық, ағаттығы
 ағаш, ағаш ат, ағаш аяқ, ағаш
 кеміргіштер, ағаш көпір,
 ағаш қайық, ағаш отын,
 ағаш өкше, ағаш өнеркә-
 сібі, ағаш соқа, ағаш та-
 бақ, ағаш төсек, ағаш үй
 ағаштану, ағаштанбау, ағаш-
 танған
 ағашты
 ағашшы
 ағашшылық, ағашшылығы
 ағеке
 ағза
 ағзам
 ағу, ақ, ақты, ағады, аққан,
 ағуы
 ағыздыру
 ағызу, ағызса, ағызшы
 ағызыңқырау
 ағызып-тамызу, ағызып-та-
 мызса, ағызып-тамызшы
 ағыл-тегіл

- ағылту, ағылт, ағылтты,
ағылтқан
ағылу
ағылшын, ағылшынға
ағылшынша
ағым, ағымдағы мәселе
ағып, ағыны, ағын су
ағындату
ағындатыңқырау
ағындау
ағынды
ағыншыл, ағыншыл ат
ағырақ, ағырағы
ағырақтау
ағыс, ағысы
ағысты
ағыттырғызу, ағыттырғызса,
ағыттырғызшы
ағыттыру
ағыту
ағытылу
ағытылыңқырау
ада, ада болу, ада ету, ада
қылу
ада-гүде
ада-жұда
адақ, адағы
адақтасу, адақтасса, адақтас-
шы
адақтау
адал, адал адам, адал ас, адал
болу, адал дос, адал ең-
бек, адал жан, адал жар,
адал жүрек, адал мал,
адал кәсіп, адал көңіл,
адал құс, адал ниет, адал
ой, адал ойлы, адал сөз,
адал сүт, адал тілек
адалбақан, адалбақанға
адалдау
адалдық, адалдығы
адалсыну, адалсынбау, адал-
сынған
адам, адам айтқысыз, адам
анатомиясы, адам бала-
сы, адам болу, адам қы-
лу, адам сияқты, адам
сүйгіш, адам тәрізді, адам
төзгісіз, адамдардың та-
рихи қауымдастығы
адамата
- адамгершілік, адамгершілігі
адамдық, адамдығы
адамзат
адамсу, адамсы, адамсыды,
адамсиды, адамсиын,
адамсуы
адамсымақ
адамша
адамшылық, адамшылығы
адаптация
адаптометр
адарғы
адарғылау
адас
адастық, адастығы
адастырту, адастырт, адас-
тыртты
адастыру
адасу, адасса, адасшы
адасушы
адасушылық, адасушылығы
адвербиал
адвербиалды
адвербиалдық, адвербиалдығы
адвокат
адвокаттық, адвокаттығы
адекват
адекваттық, адекваттығы
аденит
аденома
аджар
адинамия
адмирал
адмиралтейство
адопилен, адопиленге
адреналин, адреналинге, адре-
налиннен, адреналині
адрес
адрессіз
адресант, -қа, -тан, -ы
адресат
адуляр
адуын, адуын ат, адуын адам,
адуын сөз
адуындаңқырау
адуындау
адуынды
адуындық, адуындығы
адуындылық, адуындылығы
адъективтік, адъективтігі
адъютант, -қа, -тан, -ы

адыгей
 адым, адымы, адым жер
 адымдаңқырау
 адымдату
 адымдау
 адымды
 адымсыз
 адың-күдің
 адыр, адыры
 адыра, адыра дүние, адыра
 қал, адыра қалу
 адырайту, адырайт, адырайт-
 ты, адырайтқан
 адырақ, адырақ көз
 адырақтау
 адыраңдатқызу, адыраңдат-
 қызса, адыраңдатқыз-
 шы
 адыраңдату
 адыраңдау
 адыраңдық, адыраңдығы
 адыраспан, адыраспанға
 адыра-талқан
 адыраю, адырай, адырайды,
 адыраяды, адыражайын,
 адырайып, адыраюы
 адыр-бұдыр
 адырлы
 адырлы-бұдырлы
 адырмақ, адырмағы
 адырмақ-бұдырмақ, адырмақ-
 бұдырмағы
 адырмақты
 адырна, адырна қайыс
 адырсыз
 адырсымақ, адырсымағы
 ажа: ай дер ажа, қой дер қо-
 жа жоқ
 ажал, ажал айдау, ажал аузы,
 ажал жету, ажал оқ
 ажалды
 ажалсыз
 ажалсыздық, ажалсыздығы
 ажар
 ажарландыру
 ажарлану, ажарланбау, ажар-
 ланған
 ажарлау
 ажарлауыш, ажарлауыш ға-
 рық (тех.)
 ажарлы, ажарлы адам

ажарлылық, ажарлылығы
 ажарсыз
 ажарсыздық, ажарсыздығы
 ажгон, ажгонға
 аждаһа
 аждаһадай
 аждаһаша
 ажиотаж
 ажуа
 ажуалаңқырау
 ажуалау
 ажуа-мазақ
 ажуа-сықақ
 ажуашыл, ажуашыл адам
 ажур
 ажырағысыз
 ажырайту, ажырайт, ажы-
 райтты
 ажырасу, ажырасса, ажырас-
 шы
 ажыратқы
 ажыратқыш
 ажырату
 ажыратушы
 ажыратылу
 ажырау
 ажыраю, ажырай, ажырайды,
 ажыраяды, ажырайып,
 ажыраюы
 ажырық, ажырығы
 аз, аз алды, аз ба, аз да бол-
 са, аз дегенде, аз жылдық
 өсімдіктер
 аза, аза бойы, аза салу, аза
 тұту
 азагүл (венюк)
 аз-аздан
 аз-аздап
 азайғыш
 азайтқызу, азайтқызса, азайт-
 қызшы
 азайтқыш
 азайттыру
 азайтылу
 азайту, азайт, азайтты, азайт-
 қан
 аз-ақ
 азаландыру
 азалану, азаланбау, азалан-
 ған
 азалау

- азалы
 азамат, азамат соғысы
 азаматсыз
 азаматсымақ
 азаматтық, азаматтығы
 азаматшылық, азаматшылығы
 азан, азанға, азан айту, азан
 уақыты, азан шақыру
 азанғы, азанғы дауыс, азанғы
 мезгіл
 азанда
 азандату
 азандау
 азан-қазан, азан-қазанға
 азансыз
 азаншы
 азап, азабы, азап тарту, азап
 шегу
 азапсыз
 азапсыну, азапсынбау, азап-
 сынған
 азаптандыру
 азаптандырушы
 азаптану, азаптанбау, азап-
 танған
 азаптау
 азапты
 азар, азар беру; азар болса
 азарда-безер
 азасыз
 азат
 азаттық, азаттығы
 азатшыл
 азаю, азай, азайды, азаяды,
 азайып, азаюы
 азбан, азбанға
 азбандай
 азбар
 азғақ, азғағы
 азғана, азғана ғана, азғана
 кешікті, азғана күн
 азғантай
 азған-тозған, азған-тозғанға
 азғын, азғынға
 азғындану, азғынданбау, аз-
 ғынданған
 азғындаңқырау
 азғындату
 азғындау
 азғындық, азғындығы
 азғырғыш
 азғыру
 азғырушы
 азғырылу
 аздап, аздап қана
 азды-көпті
 аздық, аздығы
 аздырғыш
 аздырту, аздырт, аздыртты
 аздыру
 аздырыңқырау
 аздырушы
 аздырушылық, аздырушы-
 лығы
 азербайжан
 азербайжандық
 азимут, -қа, -тан, -ы
 азиялық, азиялығы
 аз-кем
 аз-маз
 аз-мұз
 азобояғыш
 азоқосылыс
 азот, азот қышқылы
 азотталу
 азоттандыру
 азоттану, азоттанбау, азоттан-
 ған
 азоттау
 азотты, азотты қышқыл
 азсыну, азсынбау, азсын-
 ған
 азу, азу ағаш, азу тіс, азу
 шалу
 азу, азса
 азулау
 азулы, азулы адам, азулы аң,
 азулы ата, азулы тұқым
 азулылық, азулылығы
 азусыз
 азусыздық, азусыздығы
 азшылық, азшылығы
 азық, азығы
 азықсыз
 азықсыздық, азықсыздығы
 азықтандыру
 азықтану, азықтанбау, азық-
 танған
 азық-түлік, азық-түлігі
 азықты
 азықтылық, азықтылығы
 азына, азына күн

азынатқызу, азынатқызса,
 азынатқызшы
 азынаттыру
 азынату
 азын-аулақ, азын-аулағы
 азып-тозу
 азып-тозушы
 азып-тозушылық, азып-тозу-
 шылығы
 азырақ, азырағы
 азырқану, азырқанбау, азыр-
 қанған
 ай (*зат*), ай арасы, ай жарық,
 ай қабақ, ай мүйіз, ай
 сайын, ай тұтылу, айы
 өту
 ай (*одағай*), ай, сен бе?!
 айбалдырған (*өс.*)
 айбалта
 айбар
 айбарлану, айбарланбау, ай-
 барланған
 айбарлы
 айбарсыз
 айбарсыздық, айбарсыздығы
 айбат, айбат шегу
 айбатсыз
 айбатсыздық, айбатсыздығы
 айбаттану, айбаттанбау, айбат-
 танған
 айбатты
 айбаттылық, айбаттылығы
 айбын, айбынға
 айбынды
 айбындылық, айбындылығы
 айбынсыз
 айбынсыздық, айбынсыздығы
 айбынту, айбынтты, айбынт-
 қан
 айбыну, айбынбау, айбынған
 айва
 айгөлек, айгөлегі
 айгүл (*өс.*)
 айғабағар (*өс.*)
 айғабақ (*өс.*), айғабағы
 айғай ж. айқай
 айғайласу, айғайласса, айғай-
 ласшы
 айғайлату
 айғайлау
 айғай-сүрен

айғайсыз
 айғай-үйғай
 айғай-шу
 айғайшы
 айғайшыл
 айғақ, айғағы
 айғақсыз
 айғақты
 айғыз
 айғыз-айғыз
 айғыздану, айғызданбау, ай-
 ғызданған
 айғызданқырау
 айғыздату
 айғыздау
 айғыр, айғыр жал, айғыр жуа
 (*өс.*), айғыр сасыр (*өс.*),
 айғыр үйір
 айдай, айдай айқын, айдай
 өлем, айдай жарық, ай-
 дай сұлу
 айдақ-сайдақ
 айдала
 айдалу
 айдар
 айдарлы
 айдарсыз
 айдасу, айдасса, айдасшы
 айдатқызу, айдатқызса, айдат-
 қызшы
 айдаттыру
 айдату
 айдау, айдау көру
 айдаулы
 айдаусыз
 айдаушы
 айдауыл (*конвой*)
 айдауыш
 айдахар
 айдахардай
 айдахарлы
 айдахарсыз
 айдын, айдынға, айдын көл,
 айдын шалқар
 айдындай
 айдындану, айдынданбау, ай-
 дынданған
 айдынды
 айдынсыз
 айдынсыздық, айдынсыздығы
 айдыну, айдынбау, айдынған

- ай-жай, ай-жай болу
 айжарық (өс.)
 айқай ж. айғай
 айқайласу, айқайласса, айқай-
 ласшы
 айқайлаттыру
 айқайлату
 айқайлау
 айқайсыз
 айқай-ұйқай
 айқай-шу
 айқайшы
 айқайшыл
 айқара, айқара жамылу
 айқару
 айқасқыш
 айқастыру
 айқасу, айқасса, айқас-
 шы
 айқұлақ (фауна)
 айқын, айқынға
 айқындалу
 айқындану, айқынданбау,
 айқынданған
 айқындату
 айқындау
 айқындаушы
 айқындауыш
 айқындық, айқындығы
 айқыш, айқыш қашау
 айқыштану, айқыштанбау, ай-
 қыштанған
 айқыштату
 айқыштау
 айқыш-ұйқыш
 айқыш-ұйқыштану, айқыш-ұй-
 қыштанбау, айқыш-ұй-
 қыштанған
 айқыш-ұйқыштату
 айқыш-ұйқыштау
 айла
 айла-амал
 айла-әрекет
 айлакер
 айлакерлік, айлакерлігі
 айлақ, айлағы
 айлалау, айлала, айлалады,
 айлалайды
 айлалы
 айлалылық, айлалылығы
 айланкес
- айланшөп (өс.)
 айлап-жылдап
 айлас
 айлас-мұндас
 айласыз
 айласыздық, айласыздығы
 айла-тәсіл
 айлауық (бот.)
 айла-шарғы
 айлы
 айлық, айлығы шығу, айлық
 ақы
 айлықсыз
 аймақ, аймағы
 аймақтану, аймақтанбау, ай-
 мақтанған, қағаздың беті
 аймақтанған
 аймақты
 аймалақтау
 аймалану, аймаланбау, айма-
 ланған
 аймаласу, аймаласса, айма-
 ласшы
 аймалату
 аймалау
 аймауыт
 аймауыттай
 аймыш
 аймыш-аймыш
 аймыштау
 айна, айна таз
 айнадай
 айнакөз (балық)
 айнала
 айналадағы
 айналайын
 айналақтау
 айналасы
 айналдырғызу, айналдырғыз-
 са, айналдырғызшы
 айналдырғыш
 айналдырту, айналдырт, ай-
 налдыртты
 айналдыру
 айналдырыңқырау
 айналма
 айналмалы
 айналмасыз
 айналсоқ, айналсоғы
 айналсоқтаңқырау
 айналсоқтау

айналттыру
 айналту, айналт, айналтты
 айналу
 айналшық (*айналшық жеу*)
 айналшықтану, айналшықтан-
 бау, айналшықтанған
 айналшықтау
 айналы
 айналым
 айналымды
 айналымдық, айналымдығы
 айналыңқырау
 айналып-толғану, айналып-
 толғанбау, айналып-тол-
 ганған
 айналыс
 айналыстыру
 айналысу, айналысса, айна-
 лысшы
 айналысыңқырау
 айнасыз
 айну, айны, айныды, айниды,
 айниын, айнуы
 айны, айны қатесіз
 айнығыш
 айнығыштық, айнығыштығы
 айнымал
 айнымалы
 айнымалық, айнымалығы
 айнымалылық, айнымалылы-
 ғы
 айнымас, айнымас дос
 айнымастай
 айнымау
 айныңқырау
 айнытқызу, айнытқызса, ай-
 нытқызшы
 айнытқыш
 айнытпау
 айныттырғызу, айныттырғыз-
 са, айныттырғызшы
 айныттыру
 айныту
 айнытыңқырау
 айпап-жайпау
 айран
 айран-асыр
 айрандай, айрандай ұю
 айран-қатық, айран-қатығы
 айрансыз
 айран-шалап

айрық, екі айрық жол
 айрықша
 айрықшалық, айрықшалығы
 айрылу, айрыл, айрылады,
 айрылды
 айрылушы
 айрылыс
 айсберг, айсбергке, айсберг-
 тен, айсбергі
 айсыз, айсыз түн
 айт
 айтақ, айтағы, айтаққа еру
 айтақсыз
 айтақтату
 айтақтау
 айтақтаушы
 айтақшы
 айтақыр
 айталық
 айтар-айтпас
 айтар-айтпаста
 айтар-айтпастан
 айтарлық, айтарлығы
 айтарлықтай
 айтқыздырту, айтқыздыртшы,
 айтқыздыртты
 айтқыздыру, айтқыздыр, айт-
 қыздырды
 айтқызу, айтқызса, айтқызшы
 айтқысыз
 айтқыш, айтқыш адам, айт-
 қыш ауыз
 айтпақшы
 айтпақшыдай
 айттау
 айттық, айттығы
 айттыру
 айттырулы
 айттырусыз
 айттырушы
 айту
 айтулы, айтулы өнші
 айтушы
 ай-түй, ай-түй жоқ
 айт-үйт, айт-үйтке қарамай,
 айт-үйт жоқ
 айтшылау
 айтып-айтпай, айтып-айтпай
 не керек
 айтылу
 айтыс, айтыс жыр, айтыс өлең

айтыс-тартыс
 айтыстыру
 айтыстырушы
 айтыстырыңқырау
 айтысу, айтысса, айтысшы
 айтысушы
 айтысыңқырау
 айтысып-тартысу, айтысып-
 тартысса, айтысып-тар-
 тысшы
 айуан ж. хайуан
 айуандық, айуандығы
 айуансыз
 айуанша
 айхай (*одағай*), айхай дүние!
 ай-шай, ай-шайға қарамай, ай-
 шай демей
 ай-шайсыз
 айшық, айшығы
 айшықсыз
 айшықсыздық, айшықсыздығы
 айшықтану, айшықтанбау,
 айшықтанған
 айшықтаңқырау
 айшықтау
 айшылық, айшылығы
 айығу, айық, айығады, айы-
 ғайын, айығуы
 айыз, айызы қану
 айықтыру
 айыл, айылы, айыл жуа (*өс.*),
 айыл қияқ (*өс.*), кер ай-
 ыл, тартпа айыл, төс ай-
 ыл, шап айыл, ызба айыл
 айылбас
 айыл-тұрман
 айында
 айында-жылында
 айып, айыбы, айып беру, айып
 салу, айып тағу, айып
 тарту
 айып-анжы
 айыпкер
 айыпкерлік, айыпкерлігі
 айып-кіне
 айыпсыз
 айыпсыздық, айыпсыздығы
 айыпталу
 айыпталушы
 айыптату
 айыптау

айыптаушы
 айыптаушылық, айыптаушы-
 лығы
 айыпты
 айыптылық, айыптылығы
 айып-шам
 айыр, айыры, айыр ер, айыр
 құйрық (*қарлығаш*), айыр
 өркеш, айыр түйе, айыр
 тұяқ
 айырбас
 айырбасталу
 айырбастау
 айырбастату
 айырбасшыл
 айырғысыз
 айырғыш
 айырлағыш
 айырлаңқырау
 айырласу, айырласса, айыр-
 ласшы
 айырлату
 айырлау
 айырма
 айырмалық, айырмалығы
 айырмашылық, айырмашылы-
 ғы
 айырқұйрық (*фауна*)
 айыртқызу, айыртқызса, ай-
 ыртқызшы
 айырту, айырт, айыртты
 айыртушы
 айыртұяқ (*фауна*)
 айыру
 айырушы
 айырушылық, айырушылығы
 айыршы
 айыршық, айыршығы
 айырым
 академизм
 академик, академигі
 академия
 академиялық, академиялығы
 академиясыз
 акация
 аква
 акварель, акварельге, аква-
 рельден, акварелі
 аквариум, -ға, -нан, -ы
 аккомодация
 аккомпанемент, -ке, -тен, -і

аккорд, аккордқа, аккордтан,
аккорды
аккордеон
аккредитив, -ке, -тен, -і
аккредитивтік, аккредитивті-
гі
аккумулятор
аккумуляция
аконн, -ге, -нен, -і
акр, -ға, -дан, -ы
акробат
акробатика
акробаттық, акробаттығы
акрофония
аксинит, -ке, -тен, -і
аксиома
акт, актіге, актіден, актілер,
актісі
актер, -ге, -ден, -і
актив, активке, активтен, ак-
тиві, актив етістік, актив
мүшелер, актив сөз-
дер
активтеу
активтік, активтігі
актинометр
актуалды
актуалдық, актуалдығы
актілету
актілеу
актілік, актілігі
акула
акустика
акцент, -ке, -тен, -і
акцентология
акцентуация
акцент, акцентіге, акцентіден,
акцентісі
акцентеу
акциз, -ге, -ден, -і
акционер, -ге, -ден, -і
акция, -ға, -дан, -сы
акциялау
ақ, ақ айыл, ақ аю, ақ байпақ
(*киім*), ақ балық, ақ ба-
қай, ақ балшық, ақ бан-
ды, ақ безер де көк безер,
ақ бидай, ақ боз (*ат*), ақ
боран, ақ бурыл, ақ бұ-
жыр, ақ білек, ақ жал, ақ
жалбыз, ақ жапалақ, ақ

жарқын, ақ жауын, ақ
желек, ақ жем, ақ жолақ,
ақ жуа, ақ жусан, ақ
жуып арулау, ақ жұлық,
ақ жүгері, ақ жүзім, ақ
жүрек (*адам*), ақ изен, ақ
иық, ақ кебіршік, ақ кекі-
ре, ақ киік, ақ көбік, ақ
көгіс, ақ көз, ақ көңіл, ақ
қабақ, ақ қаптал (*түс*), ақ
қараған, ақ қасқа, ақ қаң-
бақ, ақ қонақ, ақ қоян,
ақ қурай, ақ құба, ақ құй-
рық (*шай*), ақ құлақ (*ақ-
ша*), ақ құр, ақ қырау,
ақ қыш, ақ ләйлек, ақ
малта, ақ мамық, ақ ма-
рал, ақ марқа, ақ металл,
ақ мия, ақ нәсіл, ақ неке,
ақ ниет, ақ ниетті, ақ
орда, ақ от, ақ өлең
(*шөп*), ақ пейіл, ақ сақал-
ды, ақ сары (*түс*), ақ са-
рымсақ, ақ сасыр, ақ сау-
сақ, ақ сор, ақ сортаң,
ақ сусар, ақ сұңқар, ақ
сұр, ақ сүт, ақ сырт, ақ
табан, ақ тамақ, ақ таң-
дақ (*түс*), ақ тарлан, ақ
тас, ақ таспа (*шөп*), ақ
тату, ақ татырмау, ақ
терек, ақ тұйғын, ақ тұн-
жыр, ақ тұяқ, ақ түсу,
ақ түтек, ақ тымық, ақ
тышқан, ақ тікен, ақ үр-
пек, ақ шабақ, ақ шаб-
дар, ақ шаңдақ, ақ шаң-
қан, ақ шеңгел, ақ ше-
шек, ақ ши, ақ шолақ, ақ
шытыр, ақ шұбар, ақ
ірімшік

ақай-тоқай

ақалтеке, ақалтеке жылқы-
сы

ақау, ақау түсу

ақаулы

ақаулық, ақаулығы

ақаулылық, ақаулылығы

ақаусыз

ақаусыздық, ақаусыздығы

ақауыз (*ауру*)

- ақаю, ақай, ақайды, ақаяды,
 ақайып, ақаяйын, ақаюы
 ақбайпақ (ауру)
 ақбас (ауру)
 ақбикеш (тары)
 Ақбозат (жұлдыз)
 ақбөкен (зоол.)
 ақбүйрек (өс.)
 ақбілек (өс.)
 ақгвардияшыл, ақгвардияшы-
 лар
 ақдабы (мата)
 ақжелек (өс.)
 ақжолтай (адам), ақжолтай
 болу
 ақжүрек (өс.)
 ақжыл (өс.)
 ақи, ақи көз
 ақиқат
 ақиқаттық, ақиқаттығы
 ақиқатшыл
 ақирет (о дүние)
 ақиреттік, ақиреттігі
 ақиту
 ақиық (құс), ақиығы
 ақию, ақи, ақиды, ақиып,
 ақия, ақияйын, ақиюы
 ақкелін (өс.)
 ақкөбең (өс.)
 ақкөз (өс., балық)
 аққайраң (балық)
 аққайың (шөп)
 аққала, аққала соғу
 аққаптал (ауру)
 ақ-қара, ақ-қарасын айыру
 аққатпа (ауру, өс.)
 аққой (өс.)
 аққорғасын (өс.)
 аққу
 аққұйрық (өс.)
 аққұла
 аққұман (шайнек)
 аққұтан, аққұтанға
 ақлэйлі (өс.)
 аққылтан (өс.)
 ақнабат (өс.)
 ақпа: ақпа құлақ
 ақпан, ақпанға
 ақпар
 ақпарлау
 ақпаршы
 ақпая (өс.)
 ақсақ, ақсағы
 ақсақал (адам)
 ақсақтау
 ақсақ-тоқсақ, ақсақ-тоқ-
 сағы
 ақсақтық, ақсақтығы
 ақсаң (мата)
 ақсаңдату
 ақсаңдау
 ақсаңқырау
 ақсарбас (ырым), ақсарбас
 айту
 ақсары (құс)
 ақсаттыру
 ақсату
 ақсау
 ақселеу (өс.)
 ақсерек (ойын)
 ақсерке (балық)
 ақсеуіл (өс.)
 ақситтыру
 ақситу
 ақсию, ақси, ақсиды, ақсиып,
 ақсия, ақсиюы
 ақсора (өс.)
 ақсүйек (дворянин)
 ақсүйек (ойын, өс.)
 ақсыла (биол.)
 ақсырау
 ақсырғақ (өс.)
 ақсырқын (өс.)
 ақсырттан (өс.)
 ақталу
 ақтамақ (өс.)
 ақтан, ақтан кер
 ақтаңдақ (ауру), ақтаңдағы
 ақтаңқырау
 ақтару
 ақтарылу
 ақтарыстыру
 ақтарысу, ақтарысса, ақтарыс-
 шы
 ақтатқызу, ақтатқызса, ақтат-
 қызшы
 ақтаттыру
 ақтату
 ақтау
 ақтаутан (биол.)
 ақтаушы
 ақтиін (зоол.)

ақтоқал (өс.)
 ақторта (өс., құс)
 ақтұнба
 ақтұяқ (өс.)
 ақтық, ақтығы, ақтық дем,
 ақтық сөз
 ақтылы, ақтылы қой, алалы
 жылқы
 ақтылы-қаралы
 ақұрық (қауын)
 ақша, ақша бет, ақша қар,
 ақша жүз, ақша маңдай
 ақшабан (өс.)
 ақшайыр (өс.)
 ақшалай
 ақшалау
 ақшалы
 ақшалылық, ақшалылығы
 ақшам, ақшам бату, ақшам
 жамырау, ақшам намаз,
 ақшам соқыр (мед.)
 ақшамда
 ақшаңқан (өс.)
 ақшасыз
 ақшасыздық, ақшасыздығы
 ақшатай (өс.)
 ақшелек (ауру), ақшелегі, ақ-
 шелек келгір
 ақшиту
 ақшитыңқырау
 ақшию, ақшиды, ақшияды, ақ-
 шиып, ақшиюы
 ақшоқан (өс.)
 ақшомшы
 ақшуақ (өс.)
 ақшыл
 ақшылтым
 ақы, ақы алу, ақы беру, ақы
 сұрау, ақы жеу, ақысы
 кету
 ақық, ақығы
 ақыл, ақылы, ақыл азу, ақыл
 тіс, ақылға келу, ақылы
 кіру
 ақыл-айла
 ақылгөй
 ақылдасу, ақылдасса, ақыл-
 дасшы
 ақылды
 ақылдылық, ақылдылығы
 ақыл-ес

ақыл-ой
 ақылсыз
 ақылсыздық, ақылсыздығы
 ақылсыну, ақылсынбау, ақыл-
 сынған
 ақылшы
 ақылы, ақылы еңбек, ақылы
 іс
 ақымақ, ақымағы
 ақымақтандыру
 ақымақтану, ақымақтанбау,
 ақымақтанған
 ақымақтау
 ақымақтық, ақымақтығы
 ақымақшылық, ақымақшылы-
 лығы
 ақын, ақынға
 ақындық, ақындығы
 ақынсымақ, ақынсымағы
 ақынша
 ақы-пұл
 ақыр, ақыр ағаш, ақыр аяғы,
 ақыр аяғында, ақыр дің-
 гек, ақыр қазық, ақыр за-
 ман, ақыр соңында
 ақырайту, ақырайт, ақырайт-
 ты
 ақыраңдау
 ақыран, ақырабы
 ақыраю, ақырай, ақыраяды,
 ақырайып, ақыраюы
 ақырғы, ақырғы дем, ақырғы
 рет, ақырғы шама
 ақырет (кебін)
 ақыретсіз
 ақыреттік, ақыреттігі, ақырет-
 тік дос
 ақыр-тақыр
 ақырту, ақырт, ақыртты
 ақыру
 ақыры
 ақырын
 ақырында
 ақырындату
 ақырындау
 ақырынырақ
 ақырыңқырау
 ақырып-бақыру
 ақырып-жекіру
 ақырысу, ақырысса, ақырыс-
 шы

ақысыз

ақысыз-пұлсыз

ал, ал енді; ал көк, ал күрең,

ал қара көк, ал қызыл

ала, ала ауыз, ала ауыздық;

ала аяқ (*ат*), ала бақа,ала барқын (*өс.*) ала бас,

ала бөтен, ала бұлбұл,

ала бұлдырық (*құс*), ала

бұлт, ала жаздай, ала

жал, ала жаулы, ала көз

(*болу*), ала көздік, ала

көлеңке, ала көнек, ала

кеңіл, ала күздей, ала

қайғы, ала қарға, ала

қаудан, ала қожак, ала

қол (*адам*), ала қоржын,

ала қыстай, ала қоңыз,

ала құйын, ала өкпе (*бо-**лу*), ала таң, ала шабдар,

ала шабыр, ала шабырт,

ала шағыр, ала шарпы,

ала шұбар

алабажақ

алабажақтану, алабажақтан-

бау, алабажақтанған

алабажақтау

алабота

ала-бөле

алабұға

алабұрту, алабұрт, алабұрт-

ты

алагеуім

алагөбе

алагүлік (*ауру, зоол.*), ала-

гүлігі

алаған, алаған қолым берген

алағаншық (*боранның толас**кезі*)

алағаншықтану, алағаншық-

танбау, алағаншықтанған

алағыз, алағызса, алағызшы

алай-бұлай

алайда

алай-түлей

алай-түлейлену, алай-түлей-

ленбеу, алай-түлейленген

алақай

алақай-ай

алақайлау

алақан, алақанға

алақандай

алақандау

алақ-бұлақ

алақ-жалақ

алақ-жұлақ

алақоржын (*зоол.*)

алақтаңқырау

алақтатқызу, алақтатқызса,

алақтатқызшы

алақтату

алақтау

ала-құла

ала-құлалық, ала-құлалығы

жоқ

алалану, алаланбау,

алаланған

алалау

алалы

алалық, алалығы

алалы-құлалы

аламан, аламанға, аламан ба-

сы, аламан бөйге

аламандық, аламандығы

аламан-тасыр

аламын

аламыштаңқырау

аламыштату

аламыштау

алаң, алаң болмау, алаң ету,

алаң қылу

алаң-бұлаң

алаңғасар

алаңғасарлану, алаңғасарлан-

бау, алаңғасарланған

алаңғасарлау

алаңғасарлық, алаңғасар-

лығы

алаңдаңқырау

алаңдатқызу, алаңдатқызса,

алаңдатқызшы

алаңдату

алаңдау

алаң-елең

алаңқай

алаңқы

алаңсу, алаңсы, алаңсиды,

алаңсыды

алаңсыз

алаңсыздық, алаңсыздығы

алаңшыл

алаөкпе (*индет*)

алап, алабы
 алапай-талапай, алапай-талапай қылу
 алапат
 алапатты
 алапес (*ауру*)
 алапестену, алапестенбеу, алапестенген
 алапты
 алар-алмаста
 аларман, аларманға, аларманға алтау аз
 аларту
 алартыңқырау
 алару
 аласа, аласа дақыл
 аласалау
 аласалық, аласалығы
 аласапыран, аласапыранға
 аласарақ, аласарағы
 аласартқызу, аласартқызса, аласартқызшы
 аласарттыру
 аласарту, аласарт, аласартшы
 аласару
 аласарыңқырау
 алас-қалас
 алас-қапас
 алас-құлас
 аластану, аластанбау, аластанған
 аластатқызу, аластатқызса, аластатқызшы
 аластату
 аластау
 аласуан, аласуанға
 аласұру
 аласы, аласысы бар
 аласы-бересі
 аласыз
 алатан (*жылқы малының күйі*)
 алау
 алаудай
 алау-жалау
 алаулану, алауланбау, алауланған
 алаулату, алаулат, алаулатты
 алаулау
 алаурау
 алауырту

алаша
 алашақ, алашағы
 алаю, алай, алайды, алаяды, алайып, алаюы
 алаяқ
 алаяқтық, алаяқтығы
 алба-далба
 алба-жұлба
 албан (*халық*)
 албар
 албарсыз
 албасты, албасты басқыр
 албастыдай
 албырату
 албырау
 албыр-жалбыр
 албырт
 албырттану, албырттанбау, албырттанған
 албырттық, албырттығы
 алгебра
 алгебралық, алгебралығы
 алгоритм
 алға
 алғау
 алғаулық, алғаулығы
 алғаш
 алғашқы, алғашқы адам, алғашқы қадам, алғашқы қауым
 алғы, алғы белдік, алғы егіс, алғы күн, алғы сөз, алғы шарт
 алғыздырту, алғыздырт, алғыздыртты
 алғыздыру
 алғыздырыңқырау
 алғызу, алғызса, алғызшы
 алғыр, алғыр адам
 алғырлық, алғырлығы
 алғыс, алғыс айту, алғыс алу
 алғыш, шаш алғыш, тіл алғыш
 алдағы, алдағы кезде, алдағы уақытта
 алдағыш
 алдағыштық, алдағыштығы
 алда-жалда
 ал-дал
 алдамшы

алдамшылық, алдамшылығы
 алдамшы
 алданғыш
 алдандыру
 алдандырушы
 алдану, алданбау, алданған
 алданыңқырау
 алданыш, алданышы
 алданышсыз
 алданышсыздық, алданышсыз-
 дығы
 алдаңқырау
 алдап-сулау
 алдаспан, алдаспанға
 алдатқыш
 алдату
 алдау
 алдау-арбау
 алдаусырату
 алдаушы
 алдаушылық, алдаушылығы
 алдауыш, алдауыш таяқ
 алдияр
 алдиярлау
 алды, алдын алу, алдына алу
 алды-алдына
 алды-арты
 алдымен
 алдыңүні: *бірақ*: алдыңғы
 күні
 алдыңғы, алдыңғы күн, ал-
 дыңғы қатар
 алдырап-салдырау
 алдырғызу, алдырғызса, ал-
 дырғызшы
 алдырту, алдырт, алдыртты
 алдыру
 алдырушы
 алдырылу
 алдырыңқырау
 алебастр, -ға, -дан, -ы
 алеут
 алжапқыш
 алжапқышты
 алжастыру
 алжастырушы
 алжасу, алжасса, алжасшы.
 алжу, алжы, алжыды, алжи-
 ды, алжиын, алжуы
 алжыңқырау
 алиби (*терм.*)


алидада
 ализарин, ализаринге
 алимент, -ке, -тен, -і
 алименттік, алименттігі
 алкалоз
 алкалоид, алкалоидке, алка-
 лоидтен, алкалоиді
 алкоголь, алкогольға, алко-
 гольдан, алкогольы
 алкогольдық, алкогольдығы
 алқа, алқа салу
 алқа-қотан, алқа-қотан отыру
 алқалау
 алқалы, алқалы топ
 алқам-салқам
 алқап, алқабы
 алқаптану, алқаптанбау, ал-
 қаптанған
 алқапты
 алқа-салқа
 алқылдату
 алқылдау
 алқы-салқы
 алқым, алқым без
 алқымдаңқырау
 алқымдату
 алқымдау
 алқым-жұлқым
 алқымсыз
 алқын, алқыны
 алқынды, алқынды сабын
 алқындыру
 алқынсыз
 алқынту, алқынт, алқынтты
 алқыну, алқынбау, алқын-
 ған
 алқыныңқырау
 алла, алла тағала, алла разы
 болсын
 аллаласу
 аллалату
 аллалау
 аллегория
 аллергия
